**«Бекітемін»**
**Абай атындағы мәдени-**
**демалыс кешенінің директоры**
**_____А.А.Кулбаев**
**«____» _____2025 ж**

# Халықтық ұжым “Альтаир” би ансамблінің “Би шыңында” атты концерті

**Халықтық ұжым “Альтаир” би ансамблінің “Би шыңында” атты концертінің**
**СЦЕНАРИІ**

**ФАНФАР**
**Жүргізушілер шығады**

**Жүргізуші 1:** Армысыздар, құрметті қонақтар, қадірлі көрермендер! Киелі Маңғыстау өлкесінен қанат қаққан, би өнерінің биік шыңын бағындырған, мың бұралған бишілердің мерейлі сәтіне арналған әсем кешке қош келдіңіздер!

**Жүргізуші 2:** Иә, бүгін сахна төрінде — өз өнерімен талай жүректі жаулаған, ұлттық мәдениетіміздің алтын қазығына айналған **Халықтық «Альтаир» би ансамблі!** Бүгінгі концертіміздің атауы да тегін емес — «Би шыңында»! Бұл атау ансамбльдің өнер биігінде екенін дәлелдейтін айқын айғақ!

**Жүргізуші 1:** Би — халықтың жаны, жүрек үні. Әр қимылда, әр айналыста тарих пен тағылым бар. Алғашқы би — ансамбльдің дәстүрлі бағытына айналған, ұлттық бояуы қанық туынды.

**Жүргізуші 2:** Қошеметпен қарсы алыңыздар! Сахнада — «Альтаир» би ансамблінің нәзіктік пен сұлулыққа толы алғашқы биі!

**КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА**

**5 номер**

**Жүргізуші 1:** «Альтаир» би ансамблі өзінің шығармашылық жолын бастаған күннен бері мәдениет саласының дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді.

**Жүргізуші 2:** Бүгінде ұжымның қоржынында — ұлттық және әлем халықтарының жүздеген биі, республикалық және халықаралық байқаулардағы жүлделі орындар бар. Олар сахнада тек би билеп қана қоймайды — тарихты, дәстүрді, ел рухын паш етеді!

**Жүргізуші 1:** Ансамбльдің негізін қалаушылар мен ұстаздарына, би өнерінің дамуына үлес қосқан барша жандарға зор алғыс білдіреміз!

**Жүргізуші 2:** Өнер — шекара таңдамайды, тілсіз түсінісудің ең биік түрі — ол би. Биші — сезімді сөзсіз жеткізетін суреткер.

**Жүргізуші 1:** «Альтаир» ансамблінің әрбір мүшесі — осы қасиетті сахнаның иесі, би арқылы өмірдің қуанышы мен шабытына айналған тұлға.

## КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА

### 5 номер

**Жүргізуші 1:** Би – халықтың мінезі. Қазақтың биі – кең даладай еркін, самал желдей жұмсақ.

**Жүргізуші 2:** Өнердің тілі ортақ. «Альтаир» ұжымы тек ұлттық емес, әлемдік мәдениеттен де нәр алып, түрлі халықтардың билерін сахнаға алып шығады.

**Жүргізуші 1:** Кез келген жанрдағы би түрлерін дәріптеп, көрерменге паш ете білген Халықтық ұжым “Альтаир” ге тағы да ду қол қошемет!!!

## КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА

### 5 номер

**Жүргізуші 1:** Міне, осылайша би әлемінің шыңына шыққан «Альтаир» ұжымы тағы бір жарқын концертін ұсынды.

**Жүргізуші 2:** Олардың әрбір қимылы — өнерге деген махаббаттың көрінісі. Бүгінгі кеш — еңбектің, ынтымақтың, шабытың жемісі!

**Жүргізуші 1:** Құрметті көрермендер, Сахна төрінде — өнердің өріне самғаған, жүректерге шаттық ұялатқан **Халықтық «Альтаир» би ансамблі!**

**Жүргізуші 2:** Өнерлі елдің рухы мәңгі биікте болсын! Келесі кездескенше, аман сау болыңыздар!